«Бекітемін»
«Республикалық Медицина
Академиясы» АҚ НЦС директоры
_____Ф.А.Биржанова
_____2026 ж.

2026-2027 оқу жылына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын
іске асыру шеңберіндегі тәрбие жұмысының
ЖОСПАРЫ

Педагогикалық кеңесте қаралып, мақұлданды
Хаттама №1 «31» тамыз 2026 ж.

Астана қаласы
2026 ж

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
2026-2027 оқу жылына арналған тәрбие жұмыс жоспары

Мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:
отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:
елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:
басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының және тәрбиеленушінің жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТОПТАМАСЫ:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ:

№	Жоба атауы	Мақсаты	Қалыптасатын	Жауапты тұлғалар

			құндылық	
1	**«ҚАМҚОР»**	әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу	Мейірімділік, жанашырлық, әлеуметтік жауапкершілік	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-педагог-психолог, кураторлар, Студенттік парламент, волонтерлік клуб жетекшісі, химия, биология пәні оқытушылары
2	**«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН»**	білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу	Еңбекқорлық, жауапкершілік	Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары, аға шебер, бөлім меңгерушілері, ӨОШ, кураторлар
3	**«SMART BALA»**	инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу	Цифрлық сауаттылық, креативтілік	Директордың ақпараттық технология жұмысы жөніндегі орынбасары, оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, информатика, математика, физика пәні оқытушылары, арнайы пәндер оқытушылары
4	**«ШАБЫТ»**	білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу	Эстетикалық талғам, шығармашылық	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, музыкалық, көркемдік жетекшілер
5	**«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ»**	тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу	Сыни ойлау, коммуникация	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, жаһандық құзыреттер педагогтері, дебат клубының жетекшісі
6	**«БАЛАЛАР**	кітап оқуға және білім алуға	Оқу мәдениеті,	Директордың тәрбие жұмысы

	КІТАПХАНАСЫ»	қызығушылықты қалыптастыру	функционалдық сауаттылық	жөніндегі орынбасары, кітапханашылар, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі оқытушылары, кураторлар

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ:

- **жүйелілік және сабақтастық:** тәрбие жұмыстарын кезең-кезеңімен ұйымдастыруды, оның үздіксіздігі мен өзара байланысын қамтамасыз ету;

- **тәрбие мен оқытудың бірлігі**: білім беру мен тәрбиелеу үдерістерін өзара кіріктіру арқылы тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау;

- **отбасы, білім беру ұйымы және қоғамның серіктестігі:** тәрбиенің мақсаттарына қол жеткізу үшін ата-аналармен, әлеуметтік серіктестермен және қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

- **формализмнің алдын алу:** тәрбие бағытындағы іс-шараларды мазмұнды, сапалы және нақты нәтижеге бағдарланған түрде ұйымдастыру;

- **нәтижеге бағдарланған басқару:** жоспарланған іс-шаралардың тиімділігін бағалау негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау.

- **«саннан сапаға» қағидатына негізделі:** тәрбиелік жұмысты сандық көрсеткіштерге емес, оның сапасы мен тәрбиелік әсеріне бағыттау;

- **тұрақты мониторинг, талдау және түзету жұмыстарын жүргізу** – бағдарламаның орындалу барысын жүйелі бақылау, нәтижелерін талдау және қажеттілігіне қарай түзету іс-шараларын жүзеге асыру.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

№	Мерзімі	Іс-шаралар	Жауаптылар
1	**Күн сайын**	Білім алушыларды қарсы алу, қауіпсіздік және ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын бақылау; мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мәдениетін қалыптастыру; кезекшілік жұмысын ұйымдастыру; білім алушылардың сабаққа қатысуын бақылау; профилактикалық және жеке әңгімелесу жұмыстарын жүргізу. **«Апта күндері»** жобасының іске асыру: дүйсенбі «Әдеп күні»; сейсенбі «Денсаулық күні», сәрсенбі «Кәсіптік бағдар күні»; бейсенбі «Тазалық күні»; жұма «Ұлттық күн». Сондай-ақ іс-шараларды апта күндеріне сәйкес кіріктіріп өткізу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, топ жетекшілері, кезекші педагогтер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог
2	**Апта сайын**	Куратор сағаттарын өткізу; ҚР Гимнін орындау; «Адал азамат»	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар,

		бағдарламасы аясындағы тәрбиелік іс-шаралар; құқықтық, патриоттық және экологиялық, еңбек тәрбиесі бағытындағы жұмыстар; профилактикалық жұмыстар; ата-аналармен кері байланыс	топ жетекшілері, ЖІЖК
3	**Ай сайын**	Тәрбие жоспарының орындалуын колледжішілік бақылау жүргізу; құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы; Студенттік парламенттің жұмысы; ата-аналар жиналыстары; «Таза Қазақстан», «Заң және тәртіп», «Адал азамат» бағытындағы акциялар өткізу, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы әлеуметтік жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру. Құқық бұзушылықтың алдын алу, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша ведомствоаралық жұмыстарды іске асыру. **«Зерделі ұлт»** жалпыұлттық бастамасы негізінде **«12 ай – 12 кітап» жобасын** іске асыру **Оқуға арналған шығармалар осы сілтеме бойынша ұсынылған** https://edu.bookfund.gov.kz/ **«Қала менен басталады» жобасын** іске асыру. Тәрбие жұмысының жоспары негізінде ай сайын құндылықтар мен жобалардың және іс-шаралардың орындалуына мониторинг жасап, есеп, ақпарат жіберіп отыру.	Колледж әкімшілігі, бөлім меңгерушілері, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, топ жетекшілері, ЖІЖК
4	**Жартыжылдық қорытындысы бойынша**	Бағдарламаның іске асырылуына аралық мониторинг жүргізу; білім алушылардың құндылықтық бағдарларының қалыптасуын бағалау; түзету жұмыстарын жоспарлау; білім алушылардың тәртібі мен сабаққа қатысуына мониторинг жүргізу; ата-аналар жиналысын өткізу; педагогикалық кеңесте тәрбие жұмысының нәтижелерін қарастыру, топ жетекшілер бірлестігі жетекшілерінің әдістемелік отырысын жүргізу, хаттамаларын толтыру, «DosbolLIKE» балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасына сәйкес 1-3 курс білім алушылары үшін арнайы іс-шараларды ұйымдастырып өткізу. 1-жартыжылдық тәрбие жұмысы бойынша құндылықтар мен жобалар және іс-шаралардың жүзеге асуына байланысты мониторинг жасап, сараптамалық талдау (анализ) жіберу.	Директор, директордың орынбасарлары, топ жетекшілері, педагог-психолог
5	**Жыл**	Тәрбие жұмысының тиімділігін бағалау; бағдарламаның орындалуы	Директор, директордың

	қорытындысы бойынша	бойынша қорытынды есеп дайындап, сараптамалық талдау жүргізу; келесі оқу жылына арналған ұсыныстар әзірлеу.	орынбасарлары, педагогикалық ұжым

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ БӨЛУ МОДЕЛІ

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын тиімді іске асыру білім беру ұйымындағы барлық басқару және педагогикалық қызметкерлердің, білім алушылардың, ата-аналардың және әлеуметтік серіктестердің өзара үйлесімді қызметіне негізделеді. Бағдарламаны іске асыру барысында әрбір қатысушының міндеттері мен жауапкершілік аясы нақты айқындалады.

Жауапкершілікті бөлу моделі бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін жүйелі орындауды, тәрбие жұмысының сабақтастығын, басқару деңгейлері арасындағы өзара іс-қимылды және ортақ нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл модель әрбір құрылымдық бөлімшенің және қызметкердің құзыреті шегінде нақты функцияларды орындауына, жұмыстардың қайталануына немесе жауапкершіліктің бөлінбей қалуына жол бермеуге бағытталған.

Рөлдер мен жауапкершіліктің нақты бөлінуі:

- Бағдарламаны іске асырудың тиімділігін арттыруға;
- тәрбие жұмысының жүйелілігі мен сабақтастығын қамтамасыз етуге;
- құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара үйлестіруді нығайтуға;
- тәрбие процесіне барлық мүдделі тараптардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуге;
- формализмнің алдын алуға және тәрбиелік жұмыстың сапасын арттыруға;
- бағдарламаның орындалуына тұрақты мониторинг жүргізуге, нәтижелерін талдауға және жетілдіру бойынша басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Осыған сәйкес, білім беру ұйымының басшысы, директордың орынбасарлары, педагогтер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, пән оқытушылары, топ жетекшілері, кітапханашы, медицина қызметкері, техникалық персонал, ата-аналар қауымдастығы және білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымы өз құзыреті шегінде Бағдарламаны іске асыруға жауапты болып табылады.

1. Колледж директоры: - Бағдарламаны іске асыруға жалпы басшылық жасайды; - Бағдарламаның колледждің даму жоспарына енгізілуін және орындалуын қамтамасыз етеді; - орындау нәтижелеріне мониторинг жүргізіп, басқарушылық шешімдер қабылдайды.

2. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: - Бағдарламаның тәрбиелік бағытын үйлестіреді; - топ жетекшілері мен педагогтердің тәрбие жұмысын ұйымдастырады; - тәрбие жұмысының орындалуына мониторинг жүргізеді.

3. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: - Бағдарлама құндылықтарының оқу үдерісіне кіріктірілуін қамтамасыз етеді; - пән оқытушыларының жұмысын үйлестіреді және оқу-тәрбие бірлігін қамтамасыз етеді.

4. Директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары: - Бағдарламаның ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуін қамтамасыз етеді; - педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетіп, кәсіби дамыту жұмыстарын ұйымдастырады; - Бағдарламаның орындалуына талдау жасап, мониторинг жүргізеді.

5. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары: - қауіпсіз, қолайлы және тәрбиелік ортаны қамтамасыз етеді; - колледж мүлкіне ұқыпты қарау және еңбек мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайды.

6. Педагог-психолог: - білім алушыларды психологиялық сүйемелдеуді жүзеге асырады; - бейімделу, профилактика және түзету жұмыстарын ұйымдастырады.

7. Әлеуметтік педагог: - әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылармен жұмыс жүргізеді; - отбасы, колледж және қоғам арасындағы өзара байланысты үйлестіреді.

8. Жастар істері бойынша инспектор: - тәрбиелік іс-шаралар мен әлеуметтік жобаларды ұйымдастырады; - білім алушылардың қоғамдық белсенділігі мен еріктілік қызметін дамытады.

9. Өзін-өзі басқару ұйымы: - білім алушылардың колледж өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді; - құндылықтарды құрдастар ортасында насихаттап, әлеуметтік жобаларды іске асырады.

10. Топ жетекшісі: - бағдарламаны топ деңгейінде іске асырады; - білім алушылардың тәрбиесі мен ата-аналармен өзара байланысты қамтамасыз етеді.

11. Пән оқытушылары: - бағдарлама құндылықтарын оқу пәндерінің мазмұнына кіріктіреді; - тәрбие мен оқытудың бірлігін қамтамасыз етеді.

12. Әдістемелік бірлестік жетекшілері: - арнайы пәндер бағыттарында құндылықтарды оқу процесімен ықпалдастыруды үйлестіреді; -педагогтердің тәжірибе алмасуын ұйымдастырады; - тәрбиелік әлеуеті бар сабақтар мен жобалардың сапасын қолдайды.

13. Кітапханашы: - құндылықтарға бағытталған оқу мәдениетін қалыптастырады; - тақырыптық көрмелер мен ағартушылық іс-шараларды ұйымдастырады.

14. Медбике: - салауатты өмір салтын насихаттайды; - денсаулық сақтау және санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуына ықпал етеді.

15. Асхана қызметкерлері: - тамақтану мәдениеті, тазалық және қызмет көрсету сапасын қамтамасыз етеді;санитариялық талаптардың сақталуына жауап береді.

16. Техникалық персонал: - колледждің тазалығы, қауіпсіздігі және тәртібін қамтамасыз етеді; - ұқыптылық пен еңбекке құрмет мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

17. Ата-аналар қауымдастығы: - бағдарлама құндылықтарын отбасылық тәрбиеде қолдайды; - колледжбен бірлескен тәрбиелік іс-шаралар мен жобаларға қатысады.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:

- білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген құндылықтық бағдарларының қалыптасуы;
- азаматтық жауапкершілік пен қоғамдық белсенділіктің артуы;
- құқықтық мәдениет пен академиялық адалдық қағидаттарын ұстану деңгейінің жоғарылауы;
- білім алушылардың әлеуметтік, коммуникативтік және көшбасшылық дағдыларының дамуы;

- білім алушылардың патриоттық сана-сезімінің, еңбекқорлығының және жауапкершілік қасиеттерінің нығаюы;
- білім алушылардың қауіпсіз және салауатты өмір салтын ұстануға деген тұрақты ұстанымының қалыптасуы;
- мектептің тәрбиелік ортасының нығаюы;
- оқушылар, ата-аналар және педагогтер арасындағы серіктестік пен өзара сенімнің күшеюі;
- отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықтың жүйелі түрде дамуы;
- тәрбиелік іс-шараларға білім алушылардың қатысу белсенділігінің артуы;
- буллингтің, құқық бұзушылықтың және жағымсыз мінез-құлық көріністерінің алдын алу жұмыстарының тиімділігінің артуы;
- білім алушылардың шығармашылық, зияткерлік және әлеуметтік бастамаларын қолдау мен дамытуға қолайлы жағдайдың қалыптасуы;
- «Адал азамат» құндылықтарының мектеп мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналуы.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ:

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының келесі нормативтік-құқықтық актілері негізінде жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

- «2026 – 2030 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 56 қаулысы;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы заңы;
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ);
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығына;
- «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 11 желтоқсандағы № 281 бұйрығы;
- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;

- «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;

- «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы;

- «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;

- «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы;

- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы;

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;

- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы;

- «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу формасы	Жауапты орындаушылар	Мерзімі
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР				
1	Өткен оқу жылындағы тәрбие жұмысы жоспарының орындалуын талдау	Талдау	Тәрбие бөлімі	Тамыз
2	Тәрбие жұмысы бойынша жаңартылған нормативтік құжаттармен таныстыру	Нормативтік құжаттар	Тәрбие бөлімі	Тамыз
3	«Адал Азамат» бағдарламасы негізінде тәрбие жұмысының жылдық жоспарының құрылымын әзірлеу	Жоспар	Тәрбие бөлімі	Тамыз
4	Колледж / топ деңгейінде «Адал азамат» бағдарламасы негізінде тәрбие жұмысының жылдық жоспарының құру	Жоспар	Тәрбие бөлімі	Тамыз
5	Педагогикалық кеңесте тәрбие жұмысының негізгі бағыттарын бекіту туралы сөз сөйлеу	Хаттама	Тәрбие бөлімі	Тамыз

6	Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру: «Қамқор», «Шабыт», «Ұшқыр ай алаңы»	Ақпарат	Тәрбие бөлімі	Тамыз, жыл бойы
7	Ата-аналарды қолдау орталығының жұмыс жоспарын жүзеге асыру	Ақпарат	Әкімшілік Тәрбие бөлімі Бөлім меңгерушілері Топ жетекшілері	Тамыз, жыл бойы
8	Тәрбие жұмысы **бойынша Брендинг ережелері талаптарына** байланысты қабырға рәсімдеу және ақпаратты жаңарту	**«Адал азамат»бтб Брендинг ережесіне** сай рәсімдеу (безендіру)	Әкімшілік	Жыл бойы
ЖЫЛ БОЙЫ ӨТКІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР ТІЗІМІ				
1	Ата-аналармен жұмыс (ата-аналар жиналысы, кеңес беру, сауалнама жүргізу, кездесулер)	Хаттама	Әкімшілік Тәрбие бөлімі Бөлім меңгерушілері Топ жетекшілері	Жыл бойы
2	Желілік өзара іс-қимылды және серіктестікті кеңейту	Іс-шара	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы
3	Күнделікті жобаларды іске асыру «Күй күмбірі», «Үнемді тұтыну», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Апта күндері»	Жобалар	Тәрбие бөлімі	Жыл бойы
4	Білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық сананы қалыптастыру, салауатты өмір салты мен патриотизмді дамыту бойынша кешенді тәрбиелік тәсілді мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен ынтымақтастық арқылы қамтамасыз ету	Мемлекеттік құрылымдармен бірлескен іс-шаралар	Тәрбие бөлімі, ІІД, ТЖД, Прокуратура, Денсаулық сақтау басқармасы және т.б.	Жыл бойы
5	Тәрбие жұмысының есебі бойынша ақпарат беру	Есеп	Тәрбие Орынбасарлары, кураторлар	Ай сайын
5	Тәрбие жұмысының есебі	Есеп	Тәрбие бөлімі	1жартыжылдық, жылдық
6	Топ жетекшілерінің «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы бағыттары бойынша жұмысы туралы ақпарат	Ақпарат	Тәрбие бөлімі	Желтоқсан, мамыр
7	Жас топ жетекшілеріне әдістемелік көмек	Кері байланыс	Тәрбие	Жыл бойы

	және тәлімгерлік		бөлімі	
8	Колледждегі Студенттік парламент пен өзін-өзі басқару органдарының қызметін ұйымдастыру және сүйемелдеу	Жоспар, есеп	Тәрбие бөлімі, ЖІК	Жыл бойы
9	Техникалық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі және жол қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар өткізу	Нұсқама, қауіпсіздік сағаттары	Шаруашылық-әкімшілік жұмыс жөніндегі орынбасар	Жыл бойы
10	Буллингтің алдын алу механизмдерін енгізуге және профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруда сүйемелдеуге бағытталған «ДосболLIKE» антибуллингтік бағдарламасы	Буллингтің алдын алу бағдарламасы	Тәрбие бөлімі, Психологиялық қолдау орталығы	Үнемі
11	«Психолог кеңестері» және «Денсаулық құндылығы» айдарындағы апталық бейнероликтер, YouTube арнасындағы вебинар.»	Ата-аналар мен педагогтерге, студенттерге арналған YouTube-трансляция	Тәрбие бөлімі, Психологиялық қолдау орталығы	Ай сайын
12	«STOP буллинг» жобасы-Колледждегі буллинг пен зорлық-зомбылық мәселелері бойынша анонимді өтініштер қабылдау үшін QR-кодты білім беру ұйымдарының ақпараттық стендтеріне, холлдарына және сайттарына орналастыру. (күн сайын QR-код, АСППМ HR+)	Жобаны жүзеге асыру	Тәрбие бөлімі, Психологиялық қолдау орталығы	Күн сайын
13	Тәрбие жұмысын ақпараттық сүйемелдеу (колледж сайты, әлеуметтік желілер)	Ақпарат	Тәрбие бөлімі	Үнемі
14	Есепте тұрған балалармен жүйелі жұмысты ұйымдастыру.	Есеп	Тәрбие бөлімі, ата-аналар	Үнемі
№	**Іс шаралар атауы**	**Аяқталу нысаны**	**Жауапты орындаушылар**	**Орындау мерзімдері**

Қыркүйек - Еңбекқорлық пен кәсібилік
1 қыркүйек – «Білім күні»
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Апта дәйексөзі: Білім — болашақ кілті				
1	Білім күні «Таза Қазақстан: Конституция құндылықтары – экологиялық мәдениет пен жауапкершіліктің негізі» кураторлық сағат	Іс-шаралар жоспары, әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау хаттамалар	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта 31.08-04.09.2026
2	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: 1. «Ана тілім – арым бұл! Куратор сағаты. 2. «Мемлекеттік тіл – ұлт тірегі!». Педагогтерге арналған дөңгелек үстел 3.«Тілім менің – мерейім!». Мәнерлеп оқу сайысы («Балалар кітапханасы» жобасын жүзеге асыру)	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, әдіскер, тіл пәндері мұғалімдері	1-апта 31.08-04.09.2026
Апта дәйексөзі: Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады (Ахмет Байтұрсынұлы)				
3	Отбасы күніне арналған шаралар: 1. «Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя!». Кураторлық сағат. 2. «Қыз бала – отбасының шырайы». Қыздар кеңесі. 3. «Педагогтер мен ата-аналар: шиеленістердің алдын алу жолдары». Педагогтерге арналған әдістемелік сағат. 4. «Отбасым – менің мерейім». Ұлттық құндылықтар студенттер көзімен. Психологиялық тренинг 5. «Менің отбасым – менің байлығым!» видеобайқау *(Челлендж «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»)*	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, бөлім меңгерушілері, клуб жетекшісі, әдіскер, психолог, кітапханашы, педагог-ұйымдастырушы	2-апта 07.09-11.09.2026
4	«Кел, танысайық!». Тренинг. 1 курс.	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,	2-апта 07.09-11.09.2026

		материалдары	кураторлар Психолог, әлеуметтік педагог	
5	«Менің кітабым. Менің таңдауым» **(«Балалар кітапханасы», «12 – ай, 12 – кітап» жобалары аясында)**	Жеке оқу паспорты (*Өз қызығушылығына сай кітап таңдап, оқу мақсатын қою)*	Білім беру ұйымдары	2-апта 07.09-11.09.2026
Апта дәйексөзі: Отбасы-бақыт мекені				
6	Спорттық/ұлттық ойындар ұйымдастыру және өткізу. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» («алдын алу шаралары»)	Әлеуметтік желілерде жариялау, спорт жарыстарының хаттамалары, анықтамалары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, Дене шынықтыру мұғалімдері	3-апта 14.09-18.09.2026
7	«Достық заңынан асқан заң жоқ!». «Қазақстан халықтар Ассамблеясы» мүшелерімен және «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерімен мотивациялық кездесу.	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, «Қазақстан халықтар Ассамблеясының» жергілікті мүшелері, «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері	3-апта 14.09-18.09.2026
8	«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде...» Құқық қорғау органының қызметкерлерімен кездесу («алдын алу шаралары»)	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау, анықтама	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, құқық қорғау органының қызметкерлері	3-апта 14.09-18.09.2026
9	Әскери жоғары оқу орындарының курсанттары мен үздік әскери	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау,	Директордың оқу-тәрбие жұмысы	3-апта

	қызметшілердің, Қарулы Күштер, ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қатысуымен «Ерлік сабағы», «Батырлар күні» бірыңғай ерлік сағаты	анықтама	жөніндегі орынбасары, АӘДжТ жетекшісі	14.09-18.09.2026
Апта дәйексөзі: Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей (Абай)				
10	Колледждің жалпы ата-аналар жиналысы: 1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы және алдағы міндеттерді анықтау. 2. «Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы». Ата-аналарға арналған семинар	Хаттама	Колледж әкімшілігі, кураторлар, психолог	4-апта 21.09-25.09.2026
11	«Студенттік өмір – жарқын сәттер кезеңі». Студенттер қатарына салтанатты қабылдау шарасы	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері жөніндегі инспектор	4-апта 21.09-25.09.2026
12	«Ойынға салауатты көзқарас». Салауатты әдеттерді дамыту, уақыт пен эмоцияларды басқару, балама қызығушылықтар мен хоббиді дамыту бойынша шеберлік сабақтарын өткізу. 1-2 курсы. («Ойынға салауатты көзқарас» алдын алу шаралары)	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, психолог, әлеуметтік педагог	4-апта 21.09-25.09.2026
Қазан - Тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні				
Апта дәйексөзі: «Үлкенді құрметтеу — өзіңді құрметтеу»				

13	Халықаралық қарттар күніне арналған шаралар: 1. «Қарты бардың – қазынасы бар». Кураторлық сағаттары. 2. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты». «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық акциясы («Қамқор» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері жөніндегі инспектор	1-апта 28.09-02.10.2026
14	«Ұстазыңды атаңнан да әзіз тұт!». Мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғаліміне/ сүйікті тәрбиешісіне арналған бейне хабарлама түсіру челленджі («Шабыт» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері жөніндегі инспектор, колледждің өзін-өзі басқару ұйымы	1-апта 28.09-02.10.2026
Апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!				
15	«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады». Дебат. («Ұшқыр ой алаңы» жобас)	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері жөніндегі инспектор, колледждің өзін өзі басқару ұйымы	2-апта 05.10-09.10.2026
16	«Ұлылар ізімен». Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл. Кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	2-апта 05.10-09.10.2026
